

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
профессор Н.О.Дулатбеков



Ғылыми Кеңестің шешімі
Төраға № 16 күнінен

[Handwritten signature]



ЕМТИХАН МАТЕРИЛДАРЫ

(бейіні бойынша сұрақтар және эссе тақырыптары)

D071-Мемлекеттік және жергілікті басқару
білім беру бағдарламалары тобы бойынша

Қарағанды қ., 2026ж.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттің мәні, белгілері және мемлекеттік жүйелердің типологиясы
Муратова Р.А. Теория государственного управления: Учебное пособие/ Р.А. Муратова. - Алматы, New book, 2018. - 200 с.
2. Санзысбаева Г.Н. Теория государственного управления: учебное пособие/
Сансызбаева Г.Н., Мухтарова К.С., Аширбекова Л.Ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 318 с.
3. Государственная служба Республики Казахстан : учебник / Э. Э. Дуйсенов, А. Ж. Шпекбаев. - Алматы : Асыл кітап, 2021. - 488 с.
4. Қалиев Ғ.А., Алимбаев А.А. Стратегиялық менеджмент. – Алматы: Экономика, 2018.
5. Есенғалиева Ж.А., Қалиев Ж.Н. Жобаларды басқару: оқу құралы. — Алматы: Экономика, 2020.
6. Кенжеғұлов А.Қ. Жобаларды басқару негіздері. — Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.
7. Экономическая политика Казахстана: реалии и современные вызовы: Коллективная монография/под общей ред. А.Б.Темирбековой, Р.Т.Дуламбаевой – Алматы: Alma U, 2019.-368с.
8. Қалиев Ғ.Ж., Мемлекеттік басқару негіздері – Алматы: Жеті Жарғы, 2018
9. Бокижанова Ф.И., Сыздыкова К.Ш., Калиакпарова Г.Ш., Сеитова А.Б. Теория государственного управления: Учебное пособие. (2-ое изд.) Алматы: ИП «LP-Zhasulan», 2021. – 230 с.
10. Нұрғалымова Г.Т., Жанзақов А.А. Стратегиялық басқару: теория және тәжірибе. – Алматы: «LEM», 2021.
11. Смағұлова Р. Стратегиялық жоспарлау және басқару. – Алматы: Экономика, 2019.
12. Сабирова Л., Мемлекеттік басқару теориясы және практикасы – Алматы, 2021.

Эссе тақырыбы

1. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі гендерлік аспектілерді сипаттаңыз
2. Қазіргі жағдайда мемлекеттік басқару жүйесін трансформациялау жолында бар сын-қатерлерді анықтаңыз
3. Мемлекеттік органның цифрлық трансформациясы
4. Жергілікті өзін-өзі басқарудың перспективаларын аймақтардың өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен қажеттіліктері тұрғысынан түсіндіріңіз
5. Сіздің зерттеу нәтижелеріңіз мемлекет экономикасына қандай экономикалық пайда немесе әсер етуі мүмкін
6. Сіз ұсынған зерттеу тақырыбы бойынша жеткілікті әдебиеттер, эмпирикалық база, бастапқы дереккөздер бар ма
7. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі гендерлік аспектілер
8. Қазіргі жағдайда мемлекеттік басқару жүйесін трансформациялау

9. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды орталықсыздандырудың және жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың негізгі бағыттары.
10. Әлеуметтік мемлекеттің басқару жүйесіндегі стратегиялық басымдықтар.

Емтихан сұрақтары:

1 блок

1. Мемлекеттік басқарудың басты теорияларын ашып көрсетіңіз.
2. Қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теориялары мен тұжырымдамаларына түсініктеме беріңіз.
3. Мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері мен сипаттарын жазыңыз.
4. Әлеуметтік басқарудың негізгі қағидаларын анықтап көрсетіңіз.
5. Мемлекеттік жүйенің мәні, ерекшеліктері және түрлерін айқындаңыз.
6. Мемлекеттік басқаруда жүйелік тәсілдің мазмұнын сипаттаңыз.
7. Мемлекеттік басқарудың мақсаттары мен негізгі қызметтерін айқындаңыз.
8. Мемлекеттік басқарудың әртүрлі нысандарын түсіндіріп беріңіз.
9. Мемлекеттік басқаруда қолданылатын қағидалар мен әдістерді көрсетіңіз.
10. Мемлекеттік басқару органдарының ұйымдық құрылымын түсіндіріңіз.
11. Мемлекеттік басқару органдарын жіктеудің негіздерін сипаттаңыз.
12. Мемлекеттік органның құрылу тәртібі мен өкілеттіктерін сипаттап жазыңыз.
13. Мемлекеттік басқаруда жүргізілетін әкімшілік реформаның мәнін түсіндіріңіз.
14. Мемлекеттік құрылымдарды қалыптастыруда қолданылатын бағдарламалау әдістерін топтастырыңыз.
15. Мемлекеттік лауазымдардың мәнін және олардың түрлерін анықтаңыз.
16. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті басқарудың негізгі механизмдерін түсіндіріңіз.
17. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен заңнаманың мазмұнын сипаттаңыз.
18. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы әрекет ету тетіктерін көрсетіңіз.
19. Мемлекеттік басқаруда қолданылатын ақпараттық жүйелерге түсініктеме беріңіз.
20. Мемлекеттік басқару кадрлар құрамын сипаттаңыз.

2 блок

1. Қазақстан өңірлерінің экономикалық басқару ерекшеліктерін сипаттап беріңіз.
2. Қазақстан аймақтарының инновациялық жаңғырту мүмкіндіктеріне бастапқы деңгей мен өзекті мәселелер тұрғысынан талдау жасаңыз.
3. Қазақстандағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тәуекелдері мен әлсіз жақтарын бағалаңыз.
4. Қазақстандағы стратегиялық басқарудың мазмұнын сипаттаңыз.

5. Басқару ғылымының теориялық іргетасын ашып көрсетіңіз.
6. Қазақстан экономикасын басқарудың әдіснамалық негіздеріне шолу жасаңыз.
7. Қазіргі жағдайларда Қазақстан экономикасын басқарудың тиімді тәсілдерін ұсыныңыз.
8. Стратегиялық басқару үдерісінің негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
9. Сыртқы ортаны стратегиялық тұрғыда бағалау жүргізіңіз.
10. Стратегиялық талдаудың құрылымын сипаттап, салааралық бәсекелестікті зерттеңіз.
11. Халықаралық деңгейде қолданылатын бәсекелестік стратегияларды бағалаңыз.
12. Әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру процесін қарастырыңыз.
13. Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық тұжырымдарын ашыңыз.
14. Әлеуметтік жүйелерді түрлі деңгейде басқаруда стратегиялық тәсілдерді талдаңыз.
15. Аумақтық жүйелердің мақсаттарын қалыптастырудың әдістемелік негізін ашыңыз.
16. Әлеуметтік құрылымдар үшін стратегиялық басқару құжаттарын әзірлеудің әдістемесін сипаттаңыз.
17. «Қазақстан–2050» жаңа стратегиялық бағытына жан-жақты талдау жасаңыз.
18. Қазақстан Республикасының үшінші жаңғыру бағдарламасына сараптамалық талдау жүргізіңіз.
19. Қазақстанның сыртқы саясаты мен халықаралық серіктестігіне талдау жасаңыз.
20. СНС–93 жүйесі негізінде Қазақстанда қоғамдық игіліктерді ұсынудағы мемлекеттік рөлді сипаттаңыз және макродеңгейде қоғамдық сектордың қызметін талдау әдістерін қарастырыңыз.

3 блок

1. Инновациялық қызметтің басты ерекшеліктерін түсіндіріп беріңіз.
2. Инновацияларды түрлері бойынша топтастырыңыз.
3. Жобалық басқарудың өзіндік сипаттарын атаңыз.
4. Жобаның өмірлік циклінің кезеңдері мен мазмұнын сипаттаңыз.
5. Инновациялық жобадағы қатысушылардың бір-бірінен айырмашылықтарын көрсетіңіз.
6. Инновациялық менеджмент тұрғысынан «инновация» ұғымын ашып көрсетіңіз.
7. Инновациялық жобаны жүзеге асыру сатыларын сипаттап, оларды атаңыз.
8. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалау әдістеріне түсініктеме беріңіз.
9. Инновациялық жобаларды бағалау және таңдау үшін қолданылатын негізгі критерийлерді негіздеңіз.
10. Инновациялық жобаның экономикалық тиімділігін көрсететін көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтарды анықтаңыз.
11. Инновациялық жобаларда инженерия мен реинжинирингтің маңызын

түсіндіріңіз.

12. Инновациялық жобалардағы команда мотивациясының ерекшеліктерін ашып көрсетіңіз.

13. Команда құрамындағы кадрлық басқарудың инновациялық жоба аясындағы ерекшеліктерін анықтаңыз.

14. Жобалық топтарда туындайтын қақтығыстарды басқаруға арналған әдістер мен стратегияларды сипаттаңыз.

15. Инновациялық жобаларға инвестиция салу кезінде ескерілетін негізгі факторларды атаңыз.

16. Инновациялық жобаларға бағытталған капитал салымдарының тиімділігін бағалау өлшемдерін негіздеңіз.

17. Жобалық басқарудың компанияның мақсаттарына жету мен стратегиясын іске асырудағы маңызын түсіндіріңіз.

18. Инновациялық жобаларда кездесетін тәуекелдерді басқару әдістері мен ерекшеліктерін сипаттаңыз.

19. Жобаның құнын есептеу кезінде назарға алынатын құрамдас элементтерді көрсетіңіз.

20. Жобаның сапасын бақылауға арналған әдістер мен құралдарды дәлелді түрде түсіндіріңіз.